



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2022 ж.

"Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____, негізінде қызмет ететін _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы тауарларды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Әлеуетті өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. ҚР қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес есептелген Шарттың жалпы сомасынан жергілікті қамту үлесі _____ пайызды құрайды. Бұл Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті құжаттардың көшірмелерімен (СТ-KZ нысандағы тауарлардың шығуы туралы сертификат) расталады.

1.3. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарттың «Санкциялық ескертпе» деген № _____ қосымшасының талаптарын орындауға міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Шарттың 2.1-тармағында және №1 қосымшасында көрсетілген жалпы сомасы Тәртіпте тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда, нақты болып табылады және ұлғайту бағытында өзгертілмейді және де оған Тауардың құны, оны қаптау, таңбалау құны, тасымалдауға, тиеу-түсіру жұмыстарына кеткен шығыстар және Өнім берушінің шарт бойынша Тауарды жеткізуге байланысты өзге де шығыстары кіреді.

2.5. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдау алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:


2.5.1. Электрондық құжат нысанында шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы жергілікті қамту үлесін есептеу (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады).

2.5.2. Шот-фактуралар;

2.5.3. Кіріс бақылау актісі (қабылдау-тапсыру актісі)/Тауарды қабылдау актісі.

2.6. Өнім беруші осы Шарт бойынша Тапсырыс берушіге Өнім беруші осы шартпен және де Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған өзге де шарттармен көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті орындамағаны үшін кез келген соманы, соның ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар бойынша Өнім берушіге тиесілі аванстар бойынша төленген және өтелмеген берешектерден біртарапты тәртіпте ақша ұстап қалу құқығын береді. Мыналарды растайтын құжаттар ұстап қалуға негіздеме болып табылады: шарт міндеттемелерін орындамау/тиісті орындамау; жеткізбеу; айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа да тұрақсыздық айыптарын есептеу; Өнім беруші шарттар негізінде алған тауарлар/жұмыстар/қызметтер; шарттар бойынша өзара есепке алу.

2.7. Төлем валютасы осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген. Төлем жүргізу формасы – осы Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген реквизиттер бойынша есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару. Нақты жеткізілген тауарлар үшін төлем бұдан бұрын жіберілген





алдын ала төлемдер есебімен жүргізіледі.

2.8. Тараптар төлем реквизиттерін дұрыс ұсынбай, төлемді қайта өткізу қажеттігі пайда болса, қайталама операциялар бойынша барлық шығындарды дұрыс емес төлем реквизиттерін ұсынған Тарап көтереді. Қайталама операциялар бойынша шығыстар ақшалай қаражаттарды аудару кезінде екінші тарапқа шығыстарды өтеу үшін шотты және жұмсалған банк шығыстарын растайтын құжаттарды ұсына отырып, қайта төлем жасау сомасынан ұсталады.

2.9. Егер құжаттар Өнім берушінің кінәсі бойынша уақытылы ұсынылмаса, тапсырыс беруші төлем мерзімдерін бұзғаны үшін жауап бермейді.

2.10. Қазақстан Республикасының заңнамасына салықтарға, қатысты өзгерістер енгізілген жағдайда, Тараптар тиісті Қосымша келісімге қол қойып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тапсырыс берушінің қоймасына (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Химкомбинат көш., 1) өз күшімен және өз есебінен Тауарды толық жеткізуге міндеттенеді.

3.2. Барлық тауарлар осы Шарттың №1-қосымшасында көрсетілген мерзімдерде осы шарттың талаптарына сәйкес жеткізілуі тиіс. Тараптардың келісімі бойынша Тауарды партиямен жеткізуге болады. Жөнелту пунктінде көлік жүкқұжатына Тауарды (оның партиясының) тиеу туралы белгі қойылған күн тиеу күні болып есептеледі. Тапсырыс берушінің өкілі қол қойған тауар-көліктік жүкқұжаттарына штемпельдің қойылған күні Тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

3.3. Тауарлар МЕМСТ және Тауарды әзірлеуші зауыт қабылдаған ТТ сәйкес таңбалаыады.

3.4. Өнім беруші Тауарды тиісті емес және ұқыпсыз ораудан немесе қорғаудан туындайтын барлық шығындар мен залалдарға жауапты болады.

3.5. Қаптама ықтимал шамадан артық жүктемелер, температура режімі мен ылғалдылық, басқа жүктермен үйлесімділігін ескере отырып тасымалдау кезінде кез келген зақымданудан толығымен қорғауы керек, бұл ретте қаптама қолмен немесе кранмен тасымалдауға жарамды болуы керек. Су өткізбейтін конверттегі орама қағаздың бір данасы әр қаптамаға салынуы тиіс. Ерекше жағдайларда, тиеудің транзиттік нормаларына байланысты Тауардың әрбір жеке санаты бойынша жеткізу көлемінен - __% (минус __) ауытқуға жол беріледі (тек таразыға тартылатын және өлшенетін тауарлар үшін – тонна, метр және т.б.).

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 1.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Сақтандыру шарты, Төлем тапсырмалары түрінде енгізілсін.

4.1.3. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:


4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында берілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесін есептеу (жүйеде ұсынылады). Соңғы қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынууды талап етуге құқығы жоқ.

4.1.5. Өткізу және объектішілік тәртіптердің талаптарын, сонымен қатар Тапсырыс берушінің аумағында қолданылатын ішкі жергілікті актілердің талаптарын сақтауға;

4.1.6. Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген, нақты тиелген Тауардың саны үшін жүкқұжатты, шот-фактураны, ілеспе жүкқұжаттардың бір данасын тиісті Тауар партиясын жеткізу күні тапсыруға;

4.1.7. Қазақстан Республикасының резиденті Тауарды жеткізген жағдайда, Тапсырыс берушіге Тауардың межелі орны/тауарды жеткізу орны мен уақыты бойынша тиелгені туралы хабарлауға. Қазақстан Республикасының бейрезиденті Тауарды ЕАЭО-ға қатысушы елден ҚР шекарасынан жоспарлы өткізу күніне дейін жеті жұмыс күнінен ерте емес, алайда екі жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізген жағдайда тапсырыс берушіге осы Шарттың №4-қосымшасында көрсетілген ақпаратты көрсете отырып, электрондық байланыс арқылы хабарлама жіберуге. Хабарламада мыналар міндетті түрде көрсетілуі тиіс: тауарды ҚР шекарасы арқылы жоспарлы енгізу күні, тауарды өткізу пункті, тауарды тиеу туралы мәлімет (көліктің маркасы және мем. нөмірі (немесе вагонның/борттың нөмірі), нақты жөнелту/тиеу мекенжайы, жүк жөнелтуші, тасымалдаушы туралы мәліметтер (соның ішінде жүргізушінің нөмірі), Тауардың атауы мен саны, СЭҚ ТН коды, тиелген Тауар партиясының бірлігі және жалпы құны үшін баға. Осы ақпаратты уақытылы





және/немесе дұрыс бермеген жағдайда Тапсырыс беруші жүктің ҚР шекарасы арқылы өтпеуіне жауапты болмайды, сонымен қатар Тапсырыс беруші ҚР Салық органы Тапсырыс берушіге салған айыппұл ықпалшарасын өндіріп алуға құқылы: - тауарды тиеу туралы хабарламаны уақытылы ұсынбаған немесе ұсынбаған үшін – 30 АЕК, бір жыл ішінде қайталанған жағдайда – 60 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады; - тауарды тиеу туралы хабарламаны дұрыс ұсынбаған үшін – 50 АЕК, бір жыл ішінде қайталанған жағдайда – 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

4.1.8. Тапсырыс берушіге Тауардың зиянды қасиеттері (болған жағдайда) туралы алдын ала хабарлауға;

4.1.9. Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды, соның ішінде Шартты орындауға дейін туындаған негіздемелер бойынша Тауарды үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіден қайтарып алған жағдайда залалдарды өтеуге.

4.1.10. Тапсырыс берушіден тиісті сұрауды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шартты орындауға қатысты кез келген ақпаратты және құжаттарды, соның ішінде Тауарды жеткізуге байланысты іс-әрекеттер мәртебесі (Тауарды дайындау мәртебесі, Тауардың ағымдағы орналасқан жері, Өнім берушінің Тауарды нақты жеткізу мерзімі бойынша күтулері және т.б.) бойынша ақпаратты және растайтын құжаттарды (мысалы, дайындаушы зауыттың хаты, тиеу құжаттарының көшірмелері және т.б.) ұсынуға. Бұл ретте ақпаратты беру сипаттамасын, көлемін және формасын (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс беруші анықтайды.

4.1.11. Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындау мүмкін болмайтын жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге.

4.1.12. Тауардағы жергілікті қамту үлесіне қатысты ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге. Өнім беруші жергілікті қамту үлесі туралы дұрыс емес ақпарат берген жағдайда Тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4.1.13. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындауға дейінгі қолданылу мерзімі бар Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасынан 1 (бір) % көлемінде енгізуге. Шартты орындауды қамтамасыз ететін банк кепілдігі, ақшалай жарна немесе сатып алулар туралы шартты толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімі бар сақтандыру шарты Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде қабылданады. Банк кепілдігі электронды түрде шығарылып, Тапсырыс берушінің мекенжайына банк жүйесі бойынша ерекше Swift форматында хабарлама жіберу арқылы ұсынылуы мүмкін. Кепілдік қағаз тасығышта шығарылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге берілген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Swift жүйесін пайдалана отырып, Тапсырыс берушінің банкі арқылы кепілдікті шығару туралы растамамен жіберуге тиіс. Кепілдік мәтіні оны бергенге дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Кепілдікті Standard & Poor's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтеріне сәйкес деңгейі «B-» кем емес несиелік рейтингі бар банк шығаруы тиіс. Кепілдік Кепілдіктер үшін біріздендірілген қағидаларға бағынуы қажет, МТП басылымы URDG 758, ред. 2010ж.. Кепілдікті шығаруға және растауға кеткен шығындарды Өнім беруші өз қаражатынан төлейді. Банк кепілдігі бойынша ақшалай қаражатты төлеуге байланысты барлық шығындарды ақша жіберуші төлейді. Сақтандыру шартын төлеуге қабілетті және қаржылық-тұрақты болып табылатын сақтандыру ұйымы беруге тиіс. Сақтандыру шарты берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде сақтандыру ұйымының пруденциалық нормативтерді сақтауы төлем қабілеттілігін және қаржылық-тұрақтылықты растау болып қабылданады. Сақтандыру шарты нөлдік шартты түрдегі франшиз талаптарымен қол қойылуы тиіс. Сақтандыру шартының мәтіні оны шығарғанға дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Өнім беруші осы Шартта көрсетілген Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына ақшалай жарнаны аударуы тиіс. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартты жасасқан күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші жасалған шартты біржақты тәртіпте бұзады және «Самұрық-Қазына» АҚ Холдингінің сенімсіз әлеуетті Өнім берушілерінің тізбесіне мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіпте Өнім беруші туралы ақпаратты жібереді, әлеуетті Өнім беруші енгізген тендерлік өтінімнің қамтамасыз етілуі ұсталынады. Өнім беруші сатып алулар туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін сатып алулар шарты бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісті орындамаған жағдайлар есептелмеуі тиіс.

4.1.14. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауарға бірдей және (немесе) ұқсас тауарларға Өнім беруші ұсынған бағалар туралы ақпаратты ұсыну мүмкіндігін қарастыруға (соның ішінде Өнім беруші қол қойған белгілі күнге коммерциялық ұсыныстар).

4.1.15. Шартты орындау кезінде жеткізілетін тауардың техникалық регламенттерде, ережелерде, стандарттарда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

4.1.16. Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

4.1.17. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;





4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Тапсырыс берушіні алдын ала хабардар ете отырып, тауарды Тапсырыс берушінің қоймасына мерзімінен бұрын жеткізуге.

4.2.4. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша шартты бұзуға құқылы;

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға.

4.3.5. Шартта көрсетілген мерзімде Тауарды қабылдамаған жағдайда дәлелді бас тартуды жіберуге. Жеткізілген Тауарда ақаулар болған жағдайда, Өнім берушіге ақауларды жою мерзімін көрсете отырып, ақаулар тізбесін жіберуге міндетті.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінің және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу.

4.4.4. Тауарды осы Шартпен белгіленген тиісті сапада және көлемде жеткізуді талап етуге;

4.4.5. Тауарды жеткізу қарқынын және сапасын бақылау мақсатында Өнім берушіден кез келген уақытта жеткізу қарқыны туралы есептерді сұратуға;

4.4.6. Шарт талаптарын орындау кезінде Өнім беруші Тапсырыс берушіге келтірген зиянды өтеуді талап етуге;

4.4.7. Өнім беруші Жеткізу сәтінде межелі жерде Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жіберілуі тиіс Тауарларға қатысты құжаттарды тапсырмаған немесе тапсырудан бас тартқан жағдайда Тауарды қабылдаудан бас тартуға;

4.4.8. Өнім берушіге кемшіліктерді жою үшін ақылға қонымды уақыт беруге және егер Өнім беруші бұл талапты белгіленген мерзімде орындамаса, Шартты бұзуға немесе кемшіліктерді өз күшімен жоюға немесе кемшіліктерді жоюды үшінші тұлғаға жүктеуге, бұл ретте шығындарды Өнім беруші өтейді, сонымен қатар Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және (немесе) тиісті орындамау салдарынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;

4.4.9. Шарт талаптарын бұзған жағдайда, кез келген уақытта Өнім берушіге шығынды өтемей, Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға.

4.4.10. Өнім берушіні хабардар етіп, жеткізу мерзімі өтіп кеткен Тауарды қабылдаудан бас тартуға;


4.4.11. Өнім берушінің Тауарларды жеткізуге қатысты әрекеттерін, жеткізудің кез келген кезеңінде немесе осы Шартты орындаудың кез келген сәтінде бақылау жасауға;

4.4.12. осы Шарттың мәселелері бойынша Өнім берушінің кез келген техникалық немесе басқа да ақпаратына қол жеткізуге;

4.4.13. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін шарт бойынша Өнім берушіге тиесілі ақшадан кез келген соманы, соның ішінде аванстар бойынша төленген және өтелмеген берешектерді біржақты тәртіппен ұстауға құқылы.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тауарды саны бойынша қабылдау Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты қолда бар Тауар бойынша Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің уәкілетті өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Тауарды жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ Өнім





берушінің Тауарды тапсыруға сенімхатының түпнұсқасы бар Өнім берушінің уәкілетті өкілі тапсырады. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау күні мен уақыты туралы мәліметті Өнім берушіге телефон немесе электрондық пошта арқылы хабарлайды. Өнім беруші Тауарды қабылдауға және тапсыруға қатысудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте қабылдайды, ал біржақты қабылдау нәтижелері екі Тарап үшін де міндетті болып есептеледі.

5.2. Тапсырыс беруші Кіріс бақылау актісін (қабылдау-тапсыру актісін)/Тауарды қабылдау актісін (қабылдау-тапсыру актісі) құрастыра отырып, тауарға ілеспе құжаттар негізінде тапсырыс беруші қоймасына жеткізу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тауарды қабылдайды.

5.3. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауармен бірге осы Шарт бойынша Тауардың жеткізілгенін растайтын, тиісті түрде ресімделген мынадай құжаттарды ұсынады: 1) шот-фактура (Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес берілген); 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген қорларды тарапқа беру жүкқұжаты – 1 түпнұсқасында шарт нөмірін көрсету қажет; 3) МЕМСТ сәйкестік сертификаты; 4) материалдарға сапа сертификаттары; 5) қаптау парағы; 6) Тапсырыс берушінің талабы бойынша басқа құжаттар (құжаттар тізімі қажетіне қарай қосылады немесе алынады). Егер Тауар бөліктермен (партиялармен) жеткізілсе, Өнім беруші Тауардың бір бөлігін (партиясын) жеткізу кезінде Тапсырыс берушіге әрбір бөлікке (партияға) жеке немесе Шарт бойынша жеткізілетін Тауардың бүкіл көлеміне құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

5.4. Тауарларды сапасы бойынша қабылдау Өнім беруші Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады. Көрсетілген құжаттардың бірі болмаған жағдайда және/немесе Тауардың басқа да Шарт талаптарына сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды қабылдаудан бас тарту құқығына ие болады.

5.5. Тауарды қабылдау кезінде Тауардың ассортиментінде, саны мен сапасында сәйкессіздіктер, Тауардың немесе оның қаптамасының көзге көрінетін зақымдануы (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда Тапсырыс беруші осы Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы және де бұл жағдайда бас тарту негізсіз немесе Шарт талаптарын бұзу болып саналмайды. Бұл ретте Тараптар Тауардың анықталған ақауларын көрсететін ақаулар актісін жасайды, бұл Өнім берушінің осы кемшіліктерді жоюына негіз болады.

5.6. Өнім беруші (Өнім берушінің өкілдері) осы ақаулар актісіне қол қойудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші актіні біржақты тәртіпте ресімдейді. Тауарды қабылдау кезінде Өнім беруші (Өнім берушінің өкілі) болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші қабылдау кезінде анықталған ақаулар туралы 10 жұмыс күні ішінде Өнім берушіге жазбаша хабарлауға және Өнім берушінің ақаулар актісін ресімдеуге шақыруға міндетті.

5.7. Өнім беруші хабарламада көрсетілген мерзімде келмеген жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте актіні ресімдейді. Бұл акті Өнім беруші үшін Шарттың 5.8-тармағының талаптарын орындауға негіз болып табылады.

5.8. Өнім беруші Тапсырыс берушінің келісімімен Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде Тауардың зақымдануын және/немесе ақауларын анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші тарапынан қосымша шығындарды шығармай, бүлінген және/немесе ақаулы Тауарды ауыстыруға, дегенмен аталған ауыстыру Тауардың сапасы мен басқа да техникалық сипаттамаларының нашарлауына әкелмей, соңғы техникалық әзірлемелерге сәйкес келуі тиіс.

5.9. Тапсырыс берушінің Өнім берушіге сапасы және/немесе саны бойынша қандай да бір талаптары болса, Тапсырыс беруші Тауар жеткізілген және Тауардың ақаулар актісіне қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Өнім берушіге хабарлауға міндетті.

5.10. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері тауар-көлік жүкқұжатына және кіріс бақылау актісіне (тапсыру-тапсыру актісіне)/тауарды қабылдау актісіне (тапсыру-тапсыру актісі) қол қойғанға дейін олардың техникалық сипаттамаға сәйкестігіне растау үшін техникалық бақылауды және/немесе сынауды жүргізе алады. Тауардың сапасы Шарттың № 1, 2 қосымшаларында көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келмеген жағдайда, осы сынақтар бойынша барлық шығындарды Өнім беруші көтереді.

5.11. Техникалық бақылаудан немесе сынақтардан өткен Тауар Шарттың № 1.2 Қосымшасында көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші олардан бас тарта алады, ал Өнім беруші жарамсыз Тауарды ауыстырады немесе техникалық сипаттаманың талаптарына сәйкес тапсырыс берушінің қосымша шығындарсыз қажетті өзгерістерді енгізеді.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Өнім беруші осы Шарттың мәні болып табылатын Тауар сапалы екеніне және сәйкестік сертификатымен және/немесе белгіленген үлгідегі өндіруші зауыттың сапа паспортымен расталатынына кепілдік береді.

6.2. Тауар жаңа болуы тиіс. Тауарды шығару күні - жеткізу күнінен бастап 12 айдан аспауы керек.

6.3. Өнім беруші жеткізілетін Тауарда өндірістік ақаулар мен кемшіліктердің жоғына кепілдік береді.

6.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауар жеткізілген күннен бастап 12 ай ішінде Тауардың бүкіл көлеміне сапа кепілдігін береді.

6.5. Сапа кепілдігі шеңберінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден кепілдік міндеттемелер туралы жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде өз тәуекеліне қарай және өз есебінен кемшіліктерді және/немесе ақауларды түзетуге міндеттенеді.

6.6. Ақаулы тауардың орнына Тауарды ауыстыру және жеткізу Өнім беруші есебінен жүзеге асырылады. Ақаулы Тауардың/кемшіліктері





бар Тауардың орнына жеткізілген жаңа Тауарға қатысты кепілдік мерзім Шарттың 6.5-тармағына сәйкес белгіленеді.

6.7. Өнім беруші Тапсырыс берушіге өзі жеткізген Тауардың бос екендігіне және үшінші тұлғалардың өнеркәсіптік, зияткерлік және/немесе басқа да меншікке негізделген кез келген құқықтары мен талаптарынан босатылатынына кепілдік береді.

6.8. Жеткізілетін Тауардың атауы, өлшем бірлігі мен саны, толық сипаттамасы (сипаты) осы Шарттың № 1, 2 Қосымшасында көрсетілген.

6.9. Өнім беруші берілетін Тауардың мақсатына сай пайдалануға жарамды екенін куәландырады.

6.10. Жеткізілетін тауардың Қазақстан Республикасында қабылданған қауіпсіздік (сапа) талаптарына сәйкестігі Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген сәйкестік сертификатының түпнұсқасымен немесе нотариалды куәландырылған көшірмесімен (егер де Тауар міндетті түрде сертификатталуы тиіс болса) немесе әзірлеуші зауыттың белгіленген үлгідегі сапа паспортымен расталуға тиіс. Бұл ретте Өнім беруші Тауарға берілген бұл құжаттардың болмағаны үшін жауапты болады.

6.11. Жеткізілетін Тауардың сапасы осы Шарттың № 1, 2 Қосымша болып табылатын Техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкес келуі керек.

6.12. Егер Өнім беруші бөлек жеткізу кезеңінде Тауарды кем жеткізген болса, ол Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімі бойынша Шарттың қолданылу мерзімі шегінде келесі кезеңде (кезеңдерде) Тауардың жеткізілмеген санын толықтыруға міндетті. Егер Өнім беруші Тауарды Шартта көзделген мөлшерден кем жеткізумен айкындалатын Тауардың санына қатысты Шарттың талаптарын бұзса, төлем белгіленген тәртіпте нақты жеткізілген және қабылданған Тауардың санына сәйкес жүзеге асырылады. Егер Өнім беруші Тауарды мөлшерден тыс жеткізумен айкындалатын Тауардың санына қатысты Шарттың талаптарын бұзса, Тауар Шартта көзделген Тауардың санына сәйкес төленеді және қабылданады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта қарастырылған Тауарды жеткізу мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде жеткізілмеген Тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттемелердің жалпы құнынан 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін негізсіз бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге өткізілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан 10% аспайтын көлемде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.4. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есептеулерін ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге өткізілген әр күн үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ шарттың сомасынан 10% аспайтын көлемде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Тауардың барлығын немесе бір бөлігін жеткізуден бас тартқан немесе жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, немесе осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа, Өнім берушінің шарт талаптарын елеулі түрде бұзуына байланысты, Өнім берушінің бастамасы немесе Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде айыппұлды төлеуге міндетті.

7.2.6. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.


7.2.7. Егер Өнім беруші Шарттың 4.1.3-тармағында белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзады және әлеуетті Өнім беруші берген өтінімді қамтамасыз ету ұсталады.

7.2.8. Өнім беруші Тапсырыс берушіге өсімпұл мен айыппұл төлеу үшін ұсынған фактура-шоты жеткізілген тауарлар үшін төлемге және өсімпұлдарды төлеуге қарсы біртекті талаптарды есепке алу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

7.2.9. Өнім беруші Тауарды жеткізу мерзімін кешіктіргені үшін, сондай-ақ осы Шарттың басқа талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші осы Шарт Өнім берушіге тиесілі төлемнен өсімпұл және/немесе айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.2.10. Айыппұлды төлеу кінәлі Тарапты осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

7.2.11. Осы шарт бойынша міндеттемелерді бұзу салдарынан Тапсырыс берушіге зиян келтірілген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс беруші шеккен барлық шығындарды өтеуге міндетті. Бұл жағдайда тұрақсыздық айыбы залалдан асатын көлемде өндіріп алуға





жатады, яғни шығын да, тұрақсыздық айыбы да толық көлемде өндіріледі.

7.2.12. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және Өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты бұзу (соның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайында, Өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған (шығындары тауарларды қабылдау-тапсыру актілерімен расталмаған) ақшалай қаражатты талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді.

7.2.13. Өнім беруші уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері бойынша, кез келген негіздер бойынша сот ісін жүргізу арқылы Тапсырыс берушіден өндіріп алынған барлық ақшаны, сондай-ақ Тапсырыс берушіге, оның мердігерлеріне және (немесе) ол тартқан тұлғаларға келтірілген барлық шығындарды өтеуге, сондай-ақ Өнім берушінің, оның қосалқы мердігерлерінің, олардың жұмыскерлерінің немесе олар тартқан тұлғалардың кез келген әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде жоғарыда аталған тұлғалардың мүлкіне келтірілген барлық шығындарды немесе Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы шарттық қатынастардан туындайтын жағдайларды өтеуге келіседі.

7.2.14. Өсімпұл төлеуді Өнім беруші талап арызды, хатты немесе хабарламаны алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. Өсімпұл сомасын жеткізген тауар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде Тапсырыс беруші шегеруі (ұстап қалуы) мүмкін.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Шарт бойынша төлемдердің (соның ішінде аванстық төлемдерді) мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткізілген әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ жалпы берешек сомасынан 10%-дан аспайтын көлемде өсімпұл төлеуге міндеттенеді.

7.3.2. Өнім беруші ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-нан аспайтын көлемде өсімпұл төлейді.

7.3.3. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттың сомасынан әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттемелер сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.3.4. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттемелер жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.3.5. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттемелер жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.4. Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда Тапсырыс беруші обелгіленген тәртіппен Холдингінің Сенімсіз Өнім берушілерінің тізіліміне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін Қордың Сатып алу жөніндегі Операторына ақпаратты жібереді.

7.5. Тапсырыс берушінің Өнім берушіге залалдарды өтеу жөніндегі кез келген жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес расталған мүлікке келтірілген нақты залалды ғана өндірумен шектеледі.

7.6. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды жеткізетін тауар өндірушісіне Тауарды кеш жеткізгені немесе жеткізуден бас тартқаны үшін есептелетін айыппұлдың (өсімпұлдың) жалпы көлемі Шарт сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.


8.2. Жобаға немесе сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртібінің тиісті тармағында (тармақтарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды сатып алудың орынды еместігіне байланысты;





8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

8.3.4. «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ осы Шарттың талаптарына қатысты шектеулер енгізген және/немесе сатып алу тәртібін бұзған жағдайда;

8.3.5. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

8.3.6. Өнім беруші тауарлардағы жергілікті қамту үлесі бойынша анық емес ақпарат ұсынған не Өнім беруші өткізілген сатып алу нәтижелеріне және шарттық міндеттемелерді орындауға әсер ететін анық емес ақпарат және/немесе жалған мәліметтер берген жағдайда.

8.3.7. Өнім берушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбауы.

8.3.8. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген.

8.3.9. Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Бұл ретте Өнім беруші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын, Шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін залалдарды төлеу туралы талаптарды ұсынуға құқығы жоқ.

8.4. Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Шартты бұзған күндегі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

8.5. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасаған шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді. Мұндай жағдайда келісім-шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды өтеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

9. Хабарламалар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.


9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт оған екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бір жыл, ал өзара есеп айырысу, жауапкершілік, құпиялылық, дауларды шешу тәртібі, сондай – ақ кепілдіктер бөлігінде-олар толық орындалғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.





11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

11.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын болса, онда кез келген Тарап есеп айырысуды міндетті жүргізу арқылы Шартты бұзуға құқылы. Тараптар Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындау салдарын болдырмау немесе жеңілдету және тез арада жою үшін қажетті күш-жігерді қолдануға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Павлодар облысының соттарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

